

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы	«Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы				
Топ	Ортаңғы топ				
Топтың атауы	«Айшуақ»				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Кенжеғазы Мадина				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	08.05-12.05.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарына жауап беру; ата-аналармен ақпарат алмасу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,			"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою.	жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сұрту.	бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.
			Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Күміс жаңбыр". Мақсат-міндеттер. Балаларды М. Мұхановтың "Күміс жаңбыр төгілді" өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстарды сипаттайтын көркем сөздерді қайталап айтуға үйрету және жаттату; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; көркем сөздерді мәнерлеп айтуға дағдыландыру.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар. "Көктем жұмбақтары сөздік жаттығулары". Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың мазмұнын сипаттаушы формасы, жұмбақтармен таныстыру, заттардың не құбылыстардың ерекшеліктері мен қасиеттері жөнінде білімдерінің аясын кеңейту.	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Аялайықты бақбақты!" Мақсат-міндеттер. Балалардың көктемде өсетін гүл атаулары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту.

Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен) 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып "ұйықтайық" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге

			мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жадырап, Судай таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық. (сөйлеуді дамыту)	мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысың асыл күн, Армысың асыл жыр. Армысың көк аспан, Армысың достарым, Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болса күніміз. Жарқын шығар үніміз. Елін сүйіп ержетер Біз болашақ гүліміз! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			Музыка "Табиғаттың сәні- гүл". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы	Дене шынықтыру "Соғамын барабанымды". Мақсат-міндеттер. Балаларды баяу (50- 60сек.) қарқында жүгіруге үйрету; қимылды ойын арқылы гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; оқу қызметін	Қазақ тілі "Адамдардың көктемгі еңбегі" Мақсат-міндеттер. Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын есімдерді зат есіммен үйлестіруді үйрету; адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында мәлімет беру, білімдерін бекіту.

			әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.	пысықтау.	Жұмбақ шешу қабілеттерін, жаңылтпаштарды жаңылмай айта білу дағдыларын қалыптастыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Ересек адамдардың еңбегін құрметтеу, өсімдіктерге және табиғатқа жанашырлық, қамқорлық сезімдеріне баулу.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше				

	реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен			Гүлденген бұталарды (ағаштарды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлденген бұталар мен ағаштар туралы ұғымдарын қалыптастыру; көктем мезгілінде өсімдіктердің тек жапырақтары емес, гүлдері пайда болғанына көңіл аудару; зейінін, ақыл-ойын дамыту. Көктемде гүлдейді бұталар, Көктемде гүлдейді ағаштар,	Бақбақ гүлін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды бақбақтың негізгі бөлшектерін атап, гүлдер топтамасына жатқызуға баулу; бақбақтың түсі сары, басы үлпілдек екендігін көзбен көріп, қолмен ұстап, сипап, өскен жерінен жұлмауға тәрбиелеу. Күннің шуағы шөпте, Сары нүктелер төкпе. Түп-түзу тіке сабақ, Сап-сары гүлдер бақбақ. Ұп-ұзын көп жапырақ,	Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту. Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге қарауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады. - Балалар,

			Көзге тартымды бұл гүлдер, Қонады гүлге жәндіктер. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-	Сап-сары гүлдер бақбақ, Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Бақбақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа	қарандаршы, бұл біздің көлеңкеміз. - Менің соңынман қайталап көріңдер. Тұрсақ - тұрады, Отырсақ - отырады, Қолмен бұлғасақ - бұлғайды, Соңымыздан қалмайды. Д. Ахметова. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)
--	--	--	---	---	---

		жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гүлдер" деп атап, әр жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қоюы мүмкін. - Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар! Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар! Д. Ахметова "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене	шашырап жүгіріп, қалаған орындарға шоқайып отыруға ынталандыру; зейінін, шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. - Балалар, біз шеңберге жиналып, бір үлкен күн болайық. Шеңберде жүріп, барлығымыз тақпаққа қосылайық. Күннің шуағы шөпте, Сары нүктелер төкпе. Түп-түзу тіке сабақ, Сап-сары гүлдер бақбақ. "Бақбақ" сөзі айтылған кезде жан-жаққа жүгіріп, жерге шоқайып отыра қаласыңдар. Ойын екі рет өткізіледі. "Аюдың орманында"	Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатармен тұрамыз, Көтеріміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп, жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.
--	--	--	--	--

			шынықтыру) Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелендеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	қимылды жаттығу. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың бір- біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Математика негіздерінен ойын- жаттығу "Бау-бақшаны гүлдендірейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге жаттықтыру; заттар топтамасының	Мүсіндеуден ойын- жаттығу "Кемпірқосақ". Мақсат-міндеттер. Балалардың көктем құбылыстары туралы түсініктерін тиянақтау, кемпірқосақ түстерімен қайта таныстыру, түстер гаммасы туралы білімдерді пысықтау.	Сурет салудан ойын-жаттығу "Дала гүлдері". Мақсат-міндеттер. Балаларды дымқыл құм бетіне, алақанды батырып, гүлге ұқсас іздер қалдыруға үйрету, саусақпен гүл бүршігіне сабағын, жапырақтарын тиістіріп салуда жаттықтыру.

			біреуіне бір затты қосып немесе алып тастап, екі топтаманы өзара теңестіру, топтаманың бірін аз немесе көп ету тәсілдерін жетілдіру; салыстырудағы өзгерістерді атап айтуға үйрету; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.		
Балалармен жеке жұмыс			Көктем мезгілінің мнемотехникасына қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Бала тілін дамыту. "Гүл" (Тілеуғазы Бейсембеков) Өзім еккен былтырғы Ауламызда гүл тұрды. Мен күн сайын суардым, Ол күн сайын құлпырды. Қайтқанда да ойыннан, Гүл кетпеді ойымнан. Тез өсті де бойы	"Көбелек" тақпағын айтқызу. Бала тілін дамыту. "Көбелек" (Әбен Дәуренбеков) Сен де қудың көбелек, Мен де қудым көбелек, Жүйрік екен керемет, Ұстатпады, не керек?! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)

				оның, Асып кетті бойымнан. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	
Балалардың үйге қайтуы (ата- аналарға кеңес)			"Бүгін біз не үйрендік?" ата- аналармен сұхбат жүргізу.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту.	"Бала тәрбиесіндегі ата-әжелер рөлі" тақырыбында ата- аналармен әңгімелесу.

Тексерген: Бекишева М.А. 